Бұл құрылғы R32 салқындатқышымен толтырылған.

- Нұсқаулықтағы талаптарға сәйкес дұрыс қоректену кернеуін пайдаланыңыз. Өзге жағдайда, елеулі ақаулар болуы мүмкін, өмірге қауіп төнуі немесе өрт болуы мүмкін.
- Ашаға немесе розеткаға кірдің түсуіне жол бермеңіз. Электр тогының соғуын немесе өртті болдырмау үшін қоректену көзінің баусымын сенімді түрде жалғаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қоректену көзінің ажыратқышын сөндіріңіз және баусымды розеткадан суырмаңыз. Бұл өртке әкелуі мүмкін.
- Ешқандай жағдайда қоректену көзінің баусымын кеспеңіз және қыспаңыз, себебі нәтижесінде қоректену баусымы зақымдалуы мүмкін. Қоректену баусымы зақымдалған жағдайда электр тогының соғуы болуы мүмкін немесе өрт шығуы мүмкін.
- Қоректену кабелін ешқашан ұзартпаңыз. Бұл қызып кетуге әкелуі мүмкін және өрттің себебі болуы мүмкін.
- Күштік желілердің ұзартқыштарын қолданыңыз және басқа электр аппаратурасын бір уақытта қоректендіру үшін розетканы пайдаланбаңыз. Бұл электр тогымен зақымдануға және өрттің шығуына әкелуі мүмкін.
- Қоректену кабелін ұстап тұрып, қоректену штепсельін розеткадан шығармаңыз. Бұл өртке және электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.
- Кондиционер ұзақ уақыт тұрып қалған жағдайда міндетті түрде штепсельді қоректену розеткасынан шығарыңыз.
- Сыртқы және ішкі блоктардың ауа жинау және ауа шығару саңылауларына жаппаңыз. Бұл кондиционердің қуатының төмендеуіне және оның жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Ешқандай жағдайда таяқтарды немесе ұқсас заттарды аспаптың сыртқы блогына салмаңыз. Желдеткіш жоғары жылдамдықпен айналатындықтан, мұндай әрекет дене зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Егер салқындатылған ауа Сізге ұзақ уақыт түссе, бұл Сіздің денсаулығыңыз үшін зиянды. Ауа ағынының бағытын бүкіл бөлме желдетілетіндей бұру ұсынылады.
- Егер жұмыста ақаулық орын алса, аспапты қашықтан басқару пульті көмегімен сөндіріңіз.
- Аспапты өздігінен жөндемеңіз. Егер жөндеуді білікті емес маман орындаса, онда бұл кондиционердің сынуына, сондай-ақ электр тогының соғуына немесе өртке себеп болуы мүмкін.
- Қыздырғыш аспаптарды кондиционердің жанында орналастырмаңыз. Кондиционерден шығатын ауа ағыны қыздырғыш аспаптың жеткіліксіз өнімділігіне және керісінше жағдайға әкелуі мүмкін.
- Тазалау кезінде кондиционердің жұмысын тоқтатып, қоректену беруді сөндіру қажет. Өзге жағдайда электр тогымен зақымдану болуы мүмкін.
- Жанғыш қоспалар блоктары мен бүріккіштердің жанында орналастыруға жол бермеңіз. Тұтану қаупі бар.
- Газ оттығы мен электр плитасына ауа ағынының түсуіне жол бермеңіз.
- Функционалды батырмаларды дымқыл қолмен жанаспаңыз.
- Блокты орнатуға арналған қабырға жеткілікті берік екеніне көз жеткізіңіз. Өзге жағдайда блоктың құлауы орын алып, бұл жарақаттануға және т.б. әкелуі мүмкін.
- Кондиционердің сыртқы блогына кез келген заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Кондиционер жерге тұйықталуы керек. Жану белгілері немесе түтін пайда болған кезде, қоректену көзін сөндіріп, техникалық қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз, егер сөндірілгеннен кейін өрт немесе түтіндеу тоқтамаса, өрттен кейінгі қажетті шараларды қабылдаңыз, дереу жергілікті өрт сөндіру бөліміне жүгініңіз.

Құрылысы және құрамдас бөліктері



- 1 Ауа кірісі
- 2 Алдыңғы панель
- 3 Дисплей
- 4 Электрондық басқару тақтасы
- 5 Тік пердеше
- 6 Көлденең пердеше
- 7 Ауа сүзгісі
- 8 Қашықтан басқару пульті
- 9 Ауа кірісі
- 10 Фреон трассасы
- 11 Дренаж трассасы
- 12 Ауа шығаратын тор



Ескертпе:

Суреттер анықтамалық ақпарат ретінде берілген және нақты аспаптан сыртқы айырмашылықтарға ие болуы мүмкін.


Кондиционерді басқару

Ішкі блоктың индикация панелі



- 1 – Ағымдағы температура индикаторы

Қашықтан басқару пультінің сипаттамасы



- 1 ON/OFF батырмасы – қосу/сөндіру.
- 2 MODE батырмасы - жұмыс режимін таңдау:
Автоматты – Салқындату – Құрғату – Жылыту - Желдету..
- 3 FAN батырмасы - желдеткіштің айналма жылдамдығын таңдау.
- 4 ▲ батырмасы – температураны жоғарылату.
- 5 ▼ батырмасы – температураны төмендету.
- 6 Swing батырмасы - ауа ағынының бағытын басқару.
- 7 CLEAN батырмасы - ішкі блоктың өзін-


- өзі тазарту функциясын іске қосу.
- 8 TURBO ббатырмасы - қарқынды жұмыс режимін іске қосу.
 - 9 SHORTCUT ббатырмасы - ағымдағы баптауларды қалпына келтіреді немесе алдыңғы баптауларды қайтарады.
 - 10 TIMER ббатырмасы - қосу/сөндіру үшін таймерді іске қосу
 - 11 SLEEP ббатырмасы - түнгі режимді орнату.
 - 12 OK ббатырмасы - функцияны таңдауды растау.
 - 13 SET ббатырмасы - функцияларды таңдау.
 - 14 LED ббатырмасы - кондиционердің ішкі блогындағы LED дисплейін қосу.

- 13 GEAR-режим жұмысының индикаторы*;
- 14 Бұғаттау функциясының индикаторы;
- 15 Белгіленген температура/ таймер/ желдеткіш жылдамдығы индикациясы.

Батареяларды ауыстыру

1. Қашықтан басқару пультінің артқы жағындағы қақпақты сырғытыңыз.
2. Екі AAA типті сілтілі батареяларды салу, олардың көрсетілген бағытқа сәйкес салынғанына көз жеткізу.
3. Аспапты қосу/сөндіру ббатырмасын басыңыз.

ҚБ пультінің дисплейіндегі индикаторлардың белгіленуі




- 1 Желдеткіштің айналу жылдамдығы;
- 2 Ағымдағы жұмыс режимін көрсету;
- 3 Сигнал беру индикациясы;
- 4 Таймерді қосу индикациясы;
- 5 Таймерді сөндіру индикациясы;
- 6 «Шусыз режим» жұмысының индикациясы;
- 7 «FRESH» режимінің индикаторы*;
- 8 Түнгі режим жұмысының индикаторы;
- 9 «FOLLOW ME» режимінің индикациясы;
- 10 Сымсыз басқару функциясының индикаторы;
- 11 Батареяның төмен зарядының индикаторы;
- 12 ECO-режим жұмысының индикаторы*;

* Бұл құрылғыда пайдаланылмайды




Ескертпе:

- Егер ҚБ пультінің СК дисплейі жанбаса немесе ҚБ пультін кондиционер баптауларын өзгерту үшін пайдалану мүмкін болмаса, батареяларды ауыстырыңыз.
- Жаңа AAA типті батареяларды пайдаланыңыз.
- Егер сіз ҚБ пультін бір айдан артық пайдаланбасаңыз, батареяларды алып шығарыңыз.



ҚБ пультін пайдалану ережелері

Сіз ҚБ пультін пайдаланған кезде, әрқашан ИҚ сигналдарын шығарғышты тікелей ішкі блоктағы сигнал қабылдағышқа бағыттаңыз.









Кондиционердің қалыпты жұмыс істеуі үшін ҚБ пультін келесі орындарға орнатпаңыз:

- Тікелей күн сәулесі түсетін жерлерде.
- Перделердің артында және басқа қолжетімділігі қиын жерлерде.
- Ішкі блоктан 7 м артық қашықтықта.
- Кондиционерден шығатын ауа ағынының астында.
- Тым суық немесе жылы жерлерде.
- Күшті электрмагниттік сәулеленуі бар жерлерде.
- ҚБ пульті мен ішкі блок арасында сигналдың берілуіне кедергі келтіретін заттар болмауы керек.

ҚБ пульті көмегімен басқару

Режим таңдау

Егер кондиционердің автоматты жұмыс режимінің баптаулары сізді қанағаттандырмаса, баптауларды өз қалауыңыз бойынша өзгерту үшін төменде сипатталған қадамдарды орындаңыз.

| | |
|---------|---|
| 1-ҚАДАМ | MODE режимдерін таңдау батырмасын басыңыз және қажетті режимді таңдаңыз: Автоматты режим үшін  Жылыту режимі үшін  Құрғату режимі үшін  Салқындату режимі үшін  Желдету режимі үшін  |
| 2-ҚАДАМ | Кондиционерді іске қосу үшін ҚОС/СӨНД батырмасын басыңыз |
| 3-ҚАДАМ | К ▲ және ▼ батырмаларымен температураның қажетті мәнін 17-30 °С диапазонында орнатыңыз FAN батырмасы көмегімен желдеткіштің қажетті айналу жылдамдығын орнатыңыз.  Егер айналу жылдамдығы (автоматты түрде) ретінде берілсе, желдеткіш үйжайдағы температура мен берілген температура арасындағы айырмашылыққа байланысты автоматты түрде қосылады |
| 4-ҚАДАМ | |

Кондиционерді жылыту режимінде қосқан кезде үйжайдағы температураны ҚБ пульті көмегімен қолмен орнатуға болады. Максималды мәні 30 °С.

Салқындату режимінде кондиционерді қосқан кезде температура қолмен де орнатылады, минималды мәні 17 °С.

Құрғату функциясын таңдаған кезде кондиционер ауадан ылғалды сіңіріп, оны

конденсатқа айналдырады және сыртқа шығарады. Үйжайдағы температура бұл ретте төмендейді.

Кептіру режимінде желдеткіштің жылдамдығы әрқашан төмен жылдамдықта болады. Пердеше жайғасымын салқындату режиміндегідей өзгертуге болады. Сыртқы блок компрессоры 10 минут жұмыс істейді, содан кейін үйжайдың аса салқындауын болдырмау үшін 5 минутқа тоқтайды.

Үйжайдағы температура төмен түскен жағдайда – сыртқы компрессор да тоқтайды және үйжайдағы температура +13 градус мәнінен асқанға дейін күту режимінде болады.


Автоматты жұмыс режимін (AUTO)

таңдағанда, кондиционер бөлме температурасының айырмашылығына және орнатылған - ΔТ температурасына байланысты автоматты түрде жұмыс істейді. Температура айырмашылығына байланысты режимді автоматты түрде таңдау – ΔТ.

| ΔТ | Жұмыс режимі |
|-------------|--------------|
| ΔТ>2°С | Салқындату |
| -2°С≤ΔТ≤2°С | Желдету |
| ΔТ<2°С | Жылыту |

- перделердің орналасуын режимге сәйкес өзгертуге болады;
- егер кондиционер режимді жылыту мен салқындату арасында ауыстырса, сыртқы блок компрессоры 15 минутқа тоқтайды, содан кейін режимді ΔТ байланысты таңдайды.

- 1 ON/OFF (ҚОСУ/СӨНДІРУ) батырмасы ON/OFF батырмасын басыңыз. Аспап сигнал алған кезде ішкі блоктың дисплейінде алдыңғы жұмыс режимі көрсетіледі. Кондиционерді бірінші рет қосқан жағдайда, жұмыс режимі зауытта алдын ала орнатылғандағыдай болады. Батырманы екінші рет басқан кезде аспап сөндіріледі.
- 2 MODE (жұмыс режимі) батырмасы Батырманы басу арқылы жұмыс режимі келесі ретпен таңдалады: AUTO (Автоматты), Cool (Салқындату), Dry (Құрғату), Heat (Қыздыру), Fan (Желдеткіш). Пульт дисплейінде тиісті режим индикациясының белгілері көрсетіледі:



**Ескертпе**

AUTO РЕЖИМИ (АВТОМАТТЫ ЖҰМЫС РЕЖИМИ) ТУРАЛЫ
AUTO режимі (АВТОМАТТЫ ЖҰМЫС РЕЖИМИ) таңдалған кезде, орнатылған температура LCD дисплейінде көрсетілмейді, үйжайдағы ауа температурасына байланысты кондиционер автоматты түрде салқындату немесе қыздыру режимінде жұмыс істей бастайды, бұл пайдаланушыға ыңғайлы жағдай жасайды.

- 3 **FAN (ЖЕЛДЕТКІШТІҢ АЙНАЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ТАҢДАУ) БАТЫРМАСЫ**
FAN батырмасын басу арқылы желдеткіштің жылдамдығы келесі ретпен өзгереді:
AUTO - Жоғары - Орташа - Төмен.
 Дисплейде желдеткіш жылдамдығының тиісті индикациясы көрсетіледі: **AUTO** – **LOW** (төмен) – **MID** (орташа) - **HIGH** (жоғары). **AUTO** режимінде берілген температура мен қоршаған ауа температурасының айырмасына байланысты желдеткіш жылдамдығы автоматты түрде орнатылады.
CLEAN (буландырғышты үрлеу функциясы) режимінде желдеткіш автоматты түрде төмен жылдамдықпен айналады.

- 4 **ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАПТАУ** батырмасы ▲
 Температураны жоғарылату үшін пайдаланылады. Температураны жоғарылату үшін ▲ батырмасын басыңыз. ▲ батырмасын үздіксіз басу және 2 секундтан артық ұстап тұру батырма жіберілгенге дейін температураны тез жоғарылатады. **AUTO** режимінде температураны реттеу функциясы жоқ. Температураны реттеу диапазоны: 17-30°C.

- 5 **ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАПТАУ** батырмасы ▼
 Температураны төмендету үшін пайдаланылады ▼ батырмасын үздіксіз басу және 2 секундтан артық ұстап тұру батырма жіберілгенге дейін температураны тез төмендетеді. **AUTO** режимінде температураны реттеу функциясы жоқ

- 6 **SWING** батырмасы
 Түймені бір рет басқан кезде көлденең перделердің қозғалысы басталады және тоқтайды. Түймені 2 секунд басқан кезде тік перделердің қозғалыс режимі қосылады және өшіріледі



Тік перделерді қолмен реттемеңіз, әйтпесе олар сынуы мүмкін. Конденсацияның пайда болуын болдырмау үшін ауа ағынының төмен қарай ұзақ жүруіне жол бермеңіз **САЛҚЫНДАТУ** немесе **ҚҰРҒАТУ**

- 7 **CLEAN (ТАЗАРТУ)** функциясы
 Қашықтан басқару пульті сөндірулі болғанда, **CLEAN (ТАЗАРТУ)** батырмасын басыңыз.
 Пердеше салқындату үшін бастапқы күйге орнатылады және кондиционер тазарту функциясын іске қосады.
 Осы функция жұмысының максималды ұзақтығы - 35 минут. Бұл функция буландырғыштағы шаңды тазартуға және буландырғыштың ішіндегі суды құрғатуға бағытталған.
 Ол сондай-ақ судың жиналуына және жағымсыз иістің таралуына байланысты буландырғыштың өңездеуіне жол бермейді. Кондиционерді іске қосу үшін тазарту функциясын орнатқаннан кейін және осы функцияны сөндіргеннен кейін **CLEAN** батырмасын немесе «**ҚОС. / СӨНД.**» батырмасын тағы бір рет басу керек. **CLEAN** функциясы 35 минут жұмыс істегеннен кейін автоматты түрде тоқтайды.

- 8 **TURBO (ҚАРҚЫНДЫ РЕЖИМ)** батырмасы. **COOL (САЛҚЫНДАТУ)** және **HEAT (ЖЫЛЫТУ)** режимінде **Turbo** батырмасын басу арқылы **ҚАРҚЫНДЫ РЕЖИМ** функциясын қосуға/сөндіруге болады. Режимдерді ауыстырған кезде немесе желдеткіштің айналу жылдамдығы жоғарылатқанда / төмендеткенде, **ҚАРҚЫНДЫ РЕЖИМ** функциясы автоматты түрде сөнеді.

**Ескертпе**

TURBO функциясы туралы
 Осы функцияны іске қосқаннан кейін желдеткіш үйжайдың температурасы мүмкіндігінше тезірек бұрын белгіленген температураға жететіндей үйжайды жылыту немесе салқындату үшін максималды жылдамдықпен айнала бастайды.

- 9 **SHORTCUT** БАТЫРМАСЫ
 Қашықтан басқару пульті қосуды кезде осы батырманы басыңыз, жүйе автоматты түрде алдыңғы баптауларға, соның ішінде жұмыс режиміне, белгіленген


температураға, желдеткіштің жылдамдық деңгейіне және ұйқы функциясына оралады (егер ол іске қосылса). Егер сіз 2 секундтан артық бассаңыз, жүйе ағымдағы жұмыс баптауларын, соның ішінде жұмыс режимін, белгіленген температураны, желдеткіштің жылдамдық деңгейін және ұйқы функциясын (егер іске қосылса) автоматты түрде қалпына келтіреді.

- 10 TIMER ON/TIMER OFF батырмасы ON (ҚОС) таймер уақытын баптау:
- TIMER ON немесе TIMER OFF (қосу таймері / сөндіру таймері) іске қосу үшін TIMER батырмасын басыңыз;
 - Қалаған таймер уақытын баптау үшін ▲ немесе ▼ батырмасын басыңыз. Бұл батырмаларды әр басу уақытты жарты сағатқа арттырады немесе азайтады. 10 сағатқа жеткен кезде осы батырмаларды әр басу уақытты бір сағатқа арттырады немесе азайтады;
 - ҚБ пультіні аспапқа бағыттап, таймерді іске қосу үшін 1 секунд күтіңіз.

- 11 SLEEP (ТҮНГІ РЕЖИМ) батырмасы ТҮНГІ РЕЖИМДІ орнату немесе болдырмау үшін пайдаланылады. Аспапты қосқаннан кейін түнгі режимді орнату функциясын іске қосу керек. Аспапты сөндіргеннен кейін немесе SLEEP пернесін қайта басқаннан кейін ТҮНГІ РЕЖИМ функциясы сөндіріледі. ТҮНГІ РЕЖИМ функциясын орнатқан кезде пульт дисплейінде SLEEP көрсетіледі. Осы режимде TIMER функциясын қолдануға болады. Auto және speed режимінде бұл функция қолжетімді емес.

12 OK батырмасы
Функцияны таңдауды растау.

- 13 SET батырмасы
Кондиционер режимдерін ауыстыруға арналған. Режимді таңдаған кезде пультте тиісті символ жарықтандырылады. Растау үшін OK батырмасын басыңыз. Функцияларды ауыстыру келесі ретпен жүзеге асырылады:



FRESH (ИОНДАУ)*
Батырманы басу арқылы иондау функциясы қосылады/сөндіріледі.

FOLLOW ME (КЛИМАТТЫҚ БАҚЫЛАУ)
Берілген ауа температурасы инверторлық сплит-жүйенің ішкі блогы орналасқан жерде емес, ең қолайлы климаттық жағдайларды қамтамасыз ететін ҚБ пультінің жанында (пайдаланушыға жақын) сақталады.



Ескертпе

ҚБ пульті 3 минут аралықпен кондиционерге температура мәнінің сигналын береді.. Егер сигнал 10 минуттан артық берілмесе, мысалы, ҚБ пультінің жоғалуына байланысты, кондиционер ішкі блокқа орнатылған бергіш бойынша жұмысқа ауысады және үйжайдағы температураны ұстап тұрады. Мұндай жағдайларда ҚБ пультінің айналасындағы температура ішкі блоктың айналасындағы ауа температурасынан өзгеше болуы мүмкін. Егер ҚБ пульті жылу көздерінің әсеріне ұшыраса, ішкі блокқа орнатылған бергішке ауысу үшін SET батырмасын басыңыз.



Ескертпе

FOLLOW ME режимінің жадын қосу/өшіру үшін TURBO түймесін 7 секунд басып тұрыңыз.

- Жад функциясы іске қосылғанда дисплейде 3 секунд бойы «ON» пайда болады.
- Жад функциясы өшірілген болса, дисплейде 3 секунд бойы «OF» пайда болады.
- Жад функциясы қосылған кезде ON/OFF түймесін басу, режимдерді ауыстыру немесе күзет көзін өшіру FOLLOW ME климаттық бақылауын өшірмейді.

AP-MODE режимі*

Wi-Fi желісімен қосылыс конфигурациясын баптау

- 14 LED (ІШКІ БЛОКТАҒЫ ДИСПЛЕЙДІ ЖАРЫҚТАНДЫРУ) батырмасы LED батырмасын басу арқылы ішкі блоктағы дисплейді жарықтандыру функциясын қосуға/сөндіруге болады.

Аспапты желіден сөндіргеннен кейін LED функциясын қайта қосу керек.

* Бұл құрылғыда пайдаланылмайды



Ескертпе

Сыртқы ауа температурасы төмен болған кезде сыртқы блоктың жылу алмастырғышында қырау пайда болуы мүмкін, бұл жағдайда еріту режимі қосылады.

Бұл ретте ішкі блоктың желдеткіші сөнеді (кейбір модельдерде ол төмен жылдамдықпен айналады). Бірнеше минуттан кейін кондиционер жылыту режимінде жұмысын жалғастырады (бұл аралық сыртқы температураға байланысты аздап өзгеруі мүмкін).

Жылыту режиміне кірген кезде ішкі блоктың желдеткіші біршама уақыттан кейін қосылады, ішкі блоктың жылу алмастырғышы жеткілікті қызған кезде, үйжайға суық ауаның берілуін қорғау іске қосылады.

Электрлік қоректендіру тоқтаған кезде кондиционер сөнеді. Электрлік қоректендіру берілген кезде ол үш минуттан кейін автоматты түрде қосылады. Салқындату немесе жылыту режимінде кондиционердің пластик бөліктері температураның күрт өзгеруіне байланысты қысылып, кеңеюі мүмкін, бұл жағдайда тарсылдар.


Мобильді қосымшаны пайдаланып құрылғыны басқару

(Wi-Fi модулі бөлек сатып алынады) Wi-Fi модулін орнатпас бұрын құрылғыны қуат көзінен ажырату керек.

Панельді ақырын көтеріп, Wi-Fi модулін суретте көрсетілген адаптер кабелін пайдаланып қосыңыз.

(Арнайы мобильді қосымшаның көмегімен құрылғыны басқаруға болады. Қосымша ақпаратты www.home-comfort.com веб-сайтында білуге және/немесе қолданбаны жүктеп алуға болады. Мобильді қолданба қызметін AV Electrolux (жария) қамтамасыз етпейді.

Құрылғы Wi-Fi желісінде дұрыс жұмыс істеуі үшін қашықтан басқару құралымен бірге кондиционерді басқару бөлігі болып табылатын алынбалы модульді пайдалану керек. Алынбалы Wi-Fi модулі пакетке кірмейді. HDN/WFN-02-01 алынбалы модульдері осы сериямен үйлесімді; HDN/WFN-02-02.



1. Алынбалы Wi-Fi модулі
2. Алынбалы үшін адаптер кабелі Wi-Fi модулі



Ескертпе


Алынбалы Wi-Fi модулін орнатпас бұрын, кондиционерді қуат көзінен ажыратыңыз!

- Ішкі блоктың алдыңғы панелін жоғары көтеріңіз
- Алдыңғы панельдің ішкі жағындағы бекіту бұрандасын бұрап, дисплей тақтасының корпусын алыңыз.
- Алынбалы Wi-Fi модулін дисплей тақтасының корпусында бекітілген USB қосқышына салыңыз. Егер модуль дисплей тақтасы корпусының арнайы бөлінген бөлігіне сәйкес келмесе, USB қосқышы бар сымды корпусты ойық арқылы басқару тақтасы бөлігінен алып тастаңыз, содан кейін алынбалы Wi-Fi модулін USB қосқышына салыңыз.
- Ішкі блоктың алдыңғы панеліндегі басқару тақтасының корпусын кері ретпен жинаңыз. Осы нұсқаулардың 3-қадамында USB қосқышы бар сымды орнатқан болсаңыз, алынбалы Wi-Fi модулін алдыңғы панель астындағы бос орынға қойыңыз.
- Ішкі блоктың алдыңғы панелін жабыңыз. Орнату аяқталды. Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз. Алынбалы Wi-Fi модулін орнату үшін www.home-comfort.com веб-сайтында орналасқан нұсқауларды қараңыз.

ҚБ пультісіз кондиционерді басқару

Егер сіз ҚБ пультіні жоғалтсаңыз немесе ол ақаулы болса, ішкі блоктағы сервистік батырманы пайдаланып, кондиционердің жұмыс режимдерін келесі ретпен ауыстыруға болады (бұған дейін панельді абайлап көтеріңіз):

автоматты → салқындату → сөндіру



Ескертпе:


Батырманы ұзақ уақыт басылған күйде ұстамаңыз, бұл кондиционер жұмысының істен шығуына әкелуі мүмкін.

Күтім және техникалық қызмет көрсету




Қауіпсіздік мақсатында кондиционерді тазарту алдында оны сөндіріп, электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз. Кондиционердің ішкі блогына су құймаңыз, бұл оның кейбір құрамдас компоненттерін істен шығаруы мүмкін, сонымен қатар электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

Ішкі блоктың корпусын және ауа жинайтын торды шаңсорғышпен тазартыңыз немесе дымқыл, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Егер корпус қатты ластанған болса, жұмсақ жуғыш затты пайдаланып жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Торды жуған кезде, ешқандай жағдайда пердешенің жажайғасымын өзгертпеңіз.




Алдыңғы панельді тазарту

- Қоректену баусымын розеткадан шығарғанға дейін аспапты қоректену көзінен ажыратыңыз.
- Кондиционердің алдыңғы панелін шешу үшін оны жоғарғы позицияға бекітіп, өзіңізге қарай абайлап тартыңыз.
- Панельді тазарту үшін құрғақ және жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Егер құрылғы өте лас болса, панельді жуу үшін жылы суды (40 °С-тан төмен) пайдаланыңыз.




- Кондиционердің алдыңғы панелін тазарту үшін ешқандай жағдайда бензин, еріткіштер мен абразивті құралдарды пайдаланбаңыз.
- Судың ішкі блокқа түсуіне жол бермеңіз. Электр тогының соғуы қауіп жоғары. Алдыңғы панельді орнатыңыз және «b» позициясын төмен қарай басу арқылы жабыңыз.



Ауа сүзгісін тазарту

Науа сүзгісі 100 сағат пайдаланылғаннан кейін оны тазарту қажет. Тазарту процесі келесідей: кондиционерді сөндіріп, ауа сүзгісін шешіп алыңыз.



- 1 Алдыңғы панельді ашыңыз
- 2 Сүзгі иінірегін өзіңізге қарай абайлап тартыңыз.

3 Сүзгіні алып шығарыңыз.

Ауа сүзгісін тазарту және қайта орнату

Егер ластану бұрыннан бар болса, сүзгіні жуғыш ерітіндімен жылы суда жуыңыз. Тазартқаннан кейін сүзгіні көлеңкеде жақсылап құрғатыңыз. Сүзгіні орнына орнатыңыз. Алдыңғы панельді қайтадан жабыңыз.

Ескертпе:

Егер кондиционер қатты ластанған үйжайда жұмыс істесе, ауа сүзгісін әр екі апта сайын шайыңыз.

Қорғау

Пайдалану шарттары

Қорғаныс құрылғысы келесі жағдайларда кондиционерді автоматты түрде сөндіре алады:

| Режим | Себебі |
|------------|--|
| ЖЫЛЫТУ | Егер үйжайдан тыс ауа температурасы 24 °C жоғары болса |
| | Егер үйжайдан тыс ауа температурасы -7 °C төмен болса |
| САЛҚЫНДАТУ | Егер бөлмедегі температура 30 °C жоғары болса |
| | Егер үйжайдан тыс ауа температурасы 43 °C жоғары болса |
| ҚҰРҒАТУ | Егер үйжайдан тыс ауа температурасы 18 °C төмен болса |
| | Егер бөлмедегі температура 17 °C төмен болса / Егер үйжайдан тыс температура 18 °C төмен болса |



Тік пердешені қолмен реттемеңіз, өзге жағдайда олардың сынуы орын алуы мүмкін. Конденсаттың пайда болуын болдырмау үшін САЛҚЫНДАТУ немесе ҚҰРҒАТУ режимінде ауа ағынының төмен қарай ұзақ бағытталуына жол бермеңіз..

Шамадан тыс шу

- Кондиционерді оның салмағын көтере алатын жерге орнатыңыз, сонда ол ең аз шумен жұмыс істейді.
- Кондиционердің сыртқы бөлігін ауаның шығуы мен кондиционердің жұмысынан шыққан шу көршілерге кедергі келтірмейтін жерге орнатыңыз.
- Кондиционердің сыртқы бөлігінің алдында ешқандай тосқауыл орнатпаңыз, себебі бұл шуды арттырады.

Қорғаныс құрылғысының ерекшеліктері

- Кондиционер жұмысын тоқтатқаннан кейін оны қайта бастау немесе оның жұмыс режимін өзгерту 3-4 минуттан кейін мүмкін болады.
- Кондиционерді қоректенуге жалғап, оны қосқаннан кейін, ол тек 20 секундтан соң жұмыс істей бастайды.

ЖЫЛЫТУ режимінің ерекшеліктері

- Алдын ала қыздыру. Кондиционер ЖЫЛЫТУ режимінде жұмыс істей бастағаннан кейін, жылы ауа тек 2-5 минуттан кейін келіп түсе бастайды.
- Сыртқы блокты еріту. Жылыту процесінде кондиционер өзінің өнімділігін арттыру үшін автоматты түрде ериді. Бұл әдетте 2 бастап 10 минутқа дейін созылады. Еріту кезінде желдеткіштер жұмыс істемейді. Еріту аяқталғаннан кейін жылыту режимі автоматты түрде қосылады.

Ақаулықтарды жою

Келесі жағдайлар әрқашан ақаулық белгілері бола бермейді, сервистік қызметке жүгінбес бұрын мынаған көз жеткізіңіз.

1 Аспап жұмыс істемейді:

- 4 минут күтіп, кондиционерді қайта қосуға тырысыңыз.

Бәлкім, қорғаныс құрылғысы кондиционердің жұмысын бұғаттайтын шығар;

- қашықтан басқару пультіндегі батареялар қуаты таусылды;
- аша розеткаға толық салынбаған.
- 2 Салқындатылған немесе қыздырылған ауа ағыны жоқ (қажетті режимге байланысты):
- ауа сүзгісі ластанған болуы мүмкін.
- кіріс және шығыс саңылауларының бітеліп қалмағанын тексеріңіз.
- температура дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.
- 3 Аспап бірден қосылмайды:
- жұмыс процесінде режим өзгерген кезде 3-4 минутқа кешігу пайда болады..
- 4 Ерекше иіс:
- бұл иіс құрылғыға сіңіп, ауамен бірге шығарылатын жиһаз, темекі және т.б. сияқты басқа көзден шығуы мүмкін..
- 5 Судың ыздылдаған дыбысы:
- шу салқындатқыш құбырлар арқылы суық агент қозғалған кезде пайда болады;
- сыртқы блокты қыздыру режимінде жібіту..
- 6 Шытынау естіледі:
- дыбыс корпусның температурасының өзгеруіне байланысты пайда болуы мүмкін.
- 7 Шығару саңылауынан тұман шығады:
- үйжайда жоғары ылғалдылық болған кезде тұман пайда болады.

Фреонның жылыстауы бергіші

Егер фреонның жылыстауы анықталса, кондиционердің ішкі блогының дисплейінде «ЕС» коды пайда болады, қосу/сөндіру индикаторы үздіксіз жыпылықтайды. Бұл жағдайда кондиционерді сөндіріп, авторландырылған сервис орталығына жүгіну қажет.



Егер ақаулықты жоюға тырысқаннан кейін мәселе шешілмесе, сіздің аймағыңыздағы авторландырылған сервистік орталыққа немесе сауда өкіліне жүгініңіз.

Тасымалдау және сақтау

- Аспап дайындаушының қаптамасында жабық үйжайда +4 бастап +40 °C дейінгі температурада және +25 °C температурасы кезінде 85% салыстырмалы ылғалдылығында сақталуы тиіс.
- Аспапты тасымалдау және сақтау қаптамадағы манипуляциялық белгілердің нұсқауларына сәйкес келуі тиіс.

Пайдалану мерзімі

Аспапты пайдалану мерзімі орнату және пайдалану бойынша тиісті ережелер сақталған жағдайда 10 жылды құрайды.

Кәдеге жарату

Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін кондиционерді кәдеге жарату керек. Кондиционерді кәдеге жарату туралы толық ақпаратты жергілікті билік органының өкілінен алуға болады.

Дайындалған күні

Дайындалған күні code-128-де шифрланған. Дайындалған күні келесідей анықталады:

SN XXXXXXXX XXXX XXXXXXX XXXXX

өндіріс айы мен жылы

Кепілдік

Кепілдік мерзімі 5 жылды құрайды. Кепілдік қызмет көрсету кепілдік талонында көрсетілген кепілдік міндеттемелерге сәйкес жүргізіледі.

* Егер кондиционерді монтаждауды авторландырылған монтаждау ұйымының бірі орындаса, арнайы монтаждауды талап ететін кондиционерлерге (мобильді кондиционерлерден басқа) қатыты аталған кепілдік жарамды болады, және егер кондиционерді монтаждауды уәкілетті емес ұйым жүргізген жағдайда 1 жыл жарамды болады. Мұндай кондиционерлерді монтаждауға қатысты кепілдікті міндеттемелерді монтаждау ұйымы өзі көтереді.

Техникалық сипаттамалары

| Модель | | EACS-07HSM/N8_V2 | EACS-09HSM/N8_V2 | EACS-12HSM/N8_V2 | EACS-18HSM/N8_V2 | EACS-24HSM/N8_V2 |
|--|-------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|
| Өнімділік, BTU/cap | Салқындату | 8000 | 9000 | 12000 | 18000 | 24000 |
| | Жылыту | 8000 | 9500 | 12500 | 19000 | 25000 |
| Қуат кернеуі, В~Гц | | 220-240 ~ 50 | 220-240 ~ 50 | 220-240 ~ 50 | 220-240 ~ 50 | 220-240 ~ 50 |
| Тұтынылатын қуат, Вт | Салқындату | 730 | 821 | 1095 | 1643 | 2190 |
| | Жылыту | 650 | 771 | 1015 | 1542 | 2030 |
| Максималды ток, А | | 18 | 18 | 25 | 38 | 42 |
| Энергия тиімділігі коэффициенті | EER | 3,21 | 3,21 | 3,21 | 3,21 | 3,21 |
| | COP | 3,61 | 3,61 | 3,61 | 3,61 | 3,61 |
| Энергия тиімділігі класы | EER | A | A | A | A | A |
| | COP | A | A | A | A | A |
| Шу деңгейі дБ (А) | Ішкі блок | 26 | 27 | 28 | 33 | 33,5 |
| | Сыртқы блок | 52 | 53 | 55 | 58,5 | 61,5 |
| Ауа өнімділігі (ішкі блок), м³/cap | | 470 | 530 | 560 | 822 | 1160 |
| Аспабының өлшемдері (ЕхБхТ), мм | Ішкі блок | 729x292x200 | 729x292x200 | 802x295x200 | 971x321x228 | 1082x337x234 |
| | Сыртқы блок | 668x469x252 | 720x495x270 | 720x495x270 | 765x555x303 | 890x673x342 |
| Каптамасының өлшемдері (ЕхБхТ), мм | Ішкі блок | 790x370x270 | 790x370x270 | 875x380x285 | 1045x405x305 | 1155x415x315 |
| | Сыртқы блок | 765x525x270 | 828x540x298 | 828x540x298 | 887x610x337 | 995x740x398 |
| Таза / Жалпы салмағы, кг | Ішкі блок | 8,2/10,5 | 8,2/10,5 | 9,0/11,5 | 12,0/15,5 | 14,8/18,6 |
| | Сыртқы блок | 22,7/24,3 | 24,7/26,6 | 25,6/27,4 | 34,5/37 | 47,9/50,9 |
| Салқындатқыш/салмағы, г | | R32/460 | R32/560 | R32/530 | R32/1000 | R32/1300 |
| Құбырлардың диаметрі (дюйм) | сұйықтық | 1/4 | 1/4 | 1/4 | 1/4 | 3/8 |
| | Газ | 3/8 | 3/8 | 1/2 | 1/2 | 5/8 |
| Магистральдың минималды ұзындығы, м | | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| Магистральдың максималды ұзындығы, м | | 20 | 20 | 20 | 25 | 25 |
| Максималды биіктік айырмашылығы, м | | 8 | 8 | 8 | 10 | 10 |
| Жұмыс температурасы (салқындату/жылыту), С | | +18 °C...+43 °C / -7 °C...+24 °C | +18 °C...+43 °C / -7 °C...+24 °C | +18 °C...+43 °C / -7 °C...+24 °C | +18 °C...+43 °C / -7 °C...+24 °C | +18 °C...+43 °C / -7 °C...+24 °C |
| Қорғаныс дәрежесі | | IPX0/IPX4 | IPX0/IPX4 | IPX0/IPX4 | IPX0/IPX4 | IPX0/IPX4 |

